ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 14 қыркүйек № 4360-23-00-2/1925 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Тухеева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульбаршин Зарлыковна Тухеева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Тухеева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульбаршин Зарлыковна Тухееваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тухеева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульбаршин Зарлыковна Тухеева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Тухеева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульбаршин Зарлыковна Тухеевадан мемлекет кірісіне 19 320 (он тоғыз

мың үш жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 305 (екі мың үш жүз бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 21.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2023, судья Әбілқайысқызы А., 30.10.2023

4360-23-3-1/2062